

Халықаралық және қалааралық жолаушыларды тасымалдауды ретке келтіру туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімінің 1999 жылғы 04 наурыздағы № 217 шешімі. Алматы қаласы Әділет басқармасымен 1999 жылғы 20 сәуірде № 50 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 4/827 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 11.10.2004 № 4/827 қаулысымен.

Алматы қаласының жолдары мен көшелеріндегі жүк көліктердің тасқынын төмендету және жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыру, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кыргызстан Республикасының арасындағы 1993 жылғы 26 қазандағы келісіміне және Өзбекстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 12 шілдегі келісімдерін сәйкес Алматы қаласының ауасын тазарту мақсатында, Алматы қаласының Әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Халықаралық автобус сызбаларын және шет елдік халықаралық такси тасымалдау жол сызбаларын реттеу үшін, сондай-ақ солтүстік және батыс және солтүстік шығыс бағыттағы халықаралық автобус жол сызбаларымен ұлттық тасымалдау жол сызба таксилерін, жол қозғалысын "Сайран" халықаралық автобекетіне дейін қозғалысы шектелсін. Халықаралық жол сызба бағыттары үшін Ұйғыр, Еңбекшіқазақ, Райымбек және Іле аудандарына соңғы жол аялдамасы "Саяхат" автобекеті болып анықталсын.

2. Барлық халықаралық және қалааралық автобус қатынастары мен жол сызба такси ұлттық және Халықаралық тасымалдаушылар жиі жүрмейтін тасымалдар үшін батыс, солтүстік және солтүстік шығыс бағыттағы қозғалыстар "Сайран" Халықаралық автобекетіне дейін, шығыс бағытта "Саяхат" автобекетіне дейін.

3. "НИИТ" ЖАҚ (М.М.Бекмағамбетов) ҚЖТК (А.С.Құмалақов) және "Сайран" Халықаралық автобекет ЖАҚ-на қаланың шекарасынан тиісті автобекеттерге қысқаша жол сызба бағыттарын анықтасын.

4. Алматы қаласынан тыс жерлерден келетін жолаушы азаматтардың тасқынын реттеу мақсатында "Сайран" Халықаралық автобекетінің президенті (Е.М.Мұқажанов) автобекетке келушілерге қызмет көрестуді қамтамасыз етсін, ал

жолаушыларды тасымалдау мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры (А.С.Құмалақов) "Сайран" автобекетінен жолаушыларды Әмбебап базарға дейін тасымалдауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қалалық жол полициясы басқармасының бастығы (Н.А.Ыбырайымов) және Алматы қаласы бойынша Көлік және коммуникация және туризм министрлігінің Көлікті бақылау басқарма комитеті (Б.Бұлғақбаев) қала аумағындағы жол сызба бойынша автобекеттерге бағытталған барлық жол қозғалысын бақылауды қамтамасыз етсін.

6. Осы шешімнің орындалуын Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Я.И.Заяцқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі *В. Храпунов*